

# Жеңіл өнеркәсіп – ұлттық экономиканың дамушы саласы

Жеңіл өнеркәсіп – экономиканың халықтың күнделікті қажеттіліктерін қамтамасыз ететін маңызды саласы. Бұл сала киім-кешек, аяқ киім, тоқыма бұйымдары, былғары өнімдері, сонымен қатар күнделікті қолданыстағы текстиль бұйымдарын өндіреді.

Жеңіл өнеркәсіптің дамуы төк экономикалық тұрғыдан маңызды емес, әлеуметтік мәні де зор. Себебі ол жұмыс орындарын ашып, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді дамытады және экспорт арқылы елге валюта түсімін арттырады. Сонымен қатар, жеңіл өнеркәсіп халықтың тұрмыс деңгейін көтеруге, ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді сақтауға да үлес қосады.

Жеңіл өнеркәсіп ұлттық өнім өндірудің маңызды саласы болып табылады. Ол ішкі нарықты қажетті заттармен қамтамасыз етеді, сонымен қатар шетелге экспортқа шығару арқылы елдің валюталық түсімін арттырады. Мысалы, текстиль өнімдері мен киім-кешек еліміздің ішкі нарығында ғана емес, көршілес елдерге де шығарылады. Жаңа технологиялар мен автоматтандырылған өндіріс енгізу өндіріс тиімділігін арттырып, өнім сапасын жоғарылатады. Бұл өз кезегінде жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің халықаралық нарықта бәсекеге қабілеттілігін күшейтеді.

Жеңіл өнеркәсіп халықты жұмыспен қамтуға маңызды үлес қосады. Кәсіпорындарда тігіншілер, дизайнерлер, инженерлер және технологиялық мамандар жұмыс істейді. Ауылдық жерлерде тігін, тоқыма, былғары өңдеу өндірістері арқылы жаңа жұмыс орындары ашылады. Бұл әсіресе жастар мен әйелдер үшін маңызды, себебі оларға тұрақты табыс пен кәсіби даму мүмкіндігі береді.

Жеңіл өнеркәсіп ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге негізделген. Мысалы:

- Мақта мен жүн – текстиль бұйымдарына;

- Тері – аяқ киім мен аксессуарға.

Қазіргі кезде жеңіл өнеркәсіпте робот техникасы мен автоматтандырылған өндіріс желілері енгізілуде. Бұл өнім сапасын арттыруға және өндіріс шығындарын азайтуға мүмкіндік береді. Мысалы, автоматты тігін маши-

налары арқылы бір тігінші күніне бұрынғыдан бірнеше есе көп өнім шығара алады. Жасанды интеллект пен инновациялық технологиялар дамыған заманында қызметкерлердің де жұмысы жеңілдемек.

Жасанды интеллект нарықтағы сұранысты талдауға, өнім дизайнын жасауға және логистикалық процестерді басқаруға мүмкіндік береді. Инновация-



лық технологиялар елдің экспорттық әлеуетін арттырады, өндірісті тиімді етеді және халықаралық нарықта бәсекеге қабілеттілікті күшейтеді.

Экологиялық таза технологияларды енгізу жеңіл өнеркәсіп үшін маңызды. Мысалы, органикалық мақтадан немесе қайта өңделген синтетикалық талшықтардан киім шығару қоршаған ортаға зиянды азайтады. Бұл халықаралық стандарттарға сәйкес өнім шығарып, елдің беделін арттырады.

Жеңіл өнеркәсіптің дамуы тек экономикалық көрсеткіштермен ғана емес, сонымен қатар ұлттық мәдениетті сақтау және дамытумен де тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, қазақтың дәстүрлі қолөнері, әсіресе ою-өрнек өнері жеңіл өнеркәсіптің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.


Қазақтың ою-өрнектері – халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани және эстетикалық мұрасының

көрінісі. Олар тек сәндік элемент қана емес, терең мағынаны білдіретін символдар жүйесі. Әрбір ою белгілі бір ұғымды, дүниетанымды немесе табиғат құбылыстарын бейнелейді. Мысалы, «қошқар мүйіз» оюы байлық пен молшылықты білдірсе, «түйе табан» – төзімділік пен күштіліктің белгісі, ал «су өрнек» – өмір мен тазалықтың символы болып саналады.

Жеңіл өнеркәсіп саласында, әсіресе киім тігу және текстиль өндірісінде ұлттық ою-өрнектерді пайдалану үлкен маңызға ие. Қазіргі таңда дизайнерлер дәстүрлі элементтерді заманауи сәнмен үйлестіріп, жаңа стиль қалыптастыруда. Бұл үрдіс ұлттық брендтердің дамуына, олардың халықаралық нарықта танылуына ықпал етеді. Қазақы нақыштағы киімдер тек ішкі нарықта ғана емес, шетелдік тұтынушылар арасында да сұранысқа ие бола бастады.

Сонымен қатар, ою-өрнектерді қолдану арқылы өнімнің эстетикалық құндылығы артып қана қоймай, оның мәдени маңызы да күшейеді. Бұл тұтынушыға тек тауар емес, белгілі бір ұлттық құндылықты ұсыну деген сөз. Осылайша, жеңіл өнеркәсіп пен ұлттық өнердің байланысы экономикалық тиімділікпен қатар, мәдени мұраны сақтаудың да маңызды құралына айналады.

Бүгінгі күні цифрлық технология-



лардың дамуы ою-өрнектерді жаңа деңгейде қолдануға мүмкіндік беруде. Компьютерлік дизайн, лазерлік кесу, автоматтандырылған кестелеу сияқты әдістер арқылы дәстүрлі өрнектерді жаппай өндірісте тиімді пайдалану мүмкіндігі артты. Бұл өз кезегінде өндіріс сапасын жақсартып, уақыт пен шығынды үнемдеуге ықпал етеді.

Қорыта келгенде, қазақтың ою-өрнектері – жеңіл өнеркәсіптің тек сәндік бөлігі ғана емес, оның рухани негізі болып табылады. Ұлттық нақышты сақтай отырып, оны заманауи өндіріс пен нарық талаптарына бейімдеу – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі. Осы бағыттағы жұмыстар еліміздің мәдени-экономикалық дамуына жаңа серпін беретіні сөзсіз.

Қазақстанда жеңіл өнеркәсіп соңғы жылдары қарқынды дамып келеді. Текстиль, киім-кешек және былғары өнімдері өндірісі артып, ауылдық жерлерде жаңа кәсіпорындар ашылуда. Қазіргі таңда сұранысқа ие өнімдер – ұлттық ою-өрнектермен безендірілген киімдер, дәстүрлі текстиль бұйымдары, заманауи дизайндағы аяқ киімдер. Елдің жеңіл өнеркәсіп саласындағы дамуы ішкі нарықты қамтамасыз етіп қана қоймай, экспорт әлеуетін де арттыруда.

Жеңіл өнеркәсіп – ұлттық экономиканың дамушы саласы ғана емес, әлеуметтік дамуға, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге, жұмыс орындарын ашуға және халықаралық нарықта бәсекеге қабілеттілікті арттыруға үлкен үлес қосады. Болашақта осы салаға инвестицияларды көбейту, инновациялық технологияларды енгізу және экологиялық стандарттарға сәйкестендіру арқылы Қазақстан жеңіл өнеркәсіп саласында айтарлықтай жетістіктерге жетуде.

**Н.К.ЖОЛАЕВА,  
Д.С.КӘРІБАЕВА,**

**М.Әуезов атындағы ОҚУ  
колледжі “Тігін өндірісі және  
киімді модельдеу”  
мамандығының оқытушылары.**